**Павлодар облысысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы «Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы.**

**Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Білім беру ұйымының толық атауы** – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Құрылыс жылы – 2015 ж.

Жобалық қуаты – 100 оқушы.

Жалпы ауданы – 2167,8 ш.м

**Заңды мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140515, Ертіс ауданы, Қызылағаш ауылы, Түгел батыр 14 көшесі.

**Заңды тұлғаның байланыс деректері:** 87475886714, berlyk.oosh@mail.ru
**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** мектеп директоры **Батыргужинов Женис Кожаханович** Бұйрық № 473. 01.11.2013 ж

**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары**

Мектеп бастауыш, негізгі жалпы білім беруді мынадай құқық белгілейтін құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген № KZ50LAA00022872 мемлекеттік лицензия Линцензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген №KZ50LAA00022872 білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша Линцензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
- 2021 жылғы 12 қаңтар Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. БСН 140240007021.
- 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы

**Мектеп әкімшілігі:**

Мектеп директоры: Батыргужинов Женис Кожаханович – бірінші санатты, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 17 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Аубакирова Манар Амангельдиевна – педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 19 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Омарханова Алмагуль Нажмиденовна – педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, еңбек өтілі 24 жыл.

1-9 сынып оқушылары: 57
Мектепалды даярлық топ:  қазақ тілінде -5.
Сынып комплекті саны: 5
1-4 сынып: 4 сынып (2 сынып жинағы)
5-9 сынып: 4 сынып (3 сынып жинағы)

Мектеп бес күндік оқу аптасымен бір ауысымда жұмыс істейді. Бірінші ауысымда 57 оқушы білім алуда.

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім беру сапасын және педагогикалық технологияларды жетілдіру»

Мектептің миссиясы:

Оқушыларға сапалы білім берумен қатар, өз бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлтжанды, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырған жеке тұлғаның  тәрбиеленуіне  жағдай жасау.  Жаңартылған білім беру аясында сапалы білімнің негізделген дағды мен құзірет беру компоненттері және
тәрбие беру жұмыстарын күшейту .

Даму бағдарламасы аясындағы жұмыс барысында мектептің инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Педагогикалық ұжым инновациялық қызметті дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады, оны оқу тәжірибесіне енгізілген жаңалықтарды жүзеге асырудың, меңгерудің, иеленудің мақсатты процесі ретінде анықтайды.

Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, мектепке келу, мектептен кету талондары, оқушылардың жеке істері, есеп карточкалары, негізгі орта мектеп курсын аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары, жалпы орта мектеп курсын бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітаптары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 «Білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыру талаптарының сақталуы, мектеп оқушыларының оқумен қамтылуы мәселелерін үнемі қадағалап отырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақытылы берілуі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке істері мен медициналық құжаттары бар.

**Мектептің кадрлық құрамының сараптамасы**

Білім сапасы көбіне педагогикалық ұжымның сапасымен анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс істеу бойынша барлық нормативтік құжаттардың бар екені, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары уақытылы жүргізілетіні, жеке еңбек келісім-шарттары жасалғаны, мұғалімдердің жеке істері, аттестаттау отырыстарының хаттамалары бар екені анықталды.

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы оқу-тәрбие процесін тиімді жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық базаға сәйкес келеді.

Соңғы үш оқу жылында мектептің педагогикалық ұжымының саны тұрақты (2022-2023 оқу жылы-20, 2023-2024 оқу жылы – 20, 2024-2025 оқу жылы- 20).

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі 3 жыл ішінде жоғары білімі бар мұғалімдердің 1-4 сыныптарында 45 % сипатталады, 81% болуымен 5-9 сыныптар аралығында сипатталады.

Мұғалімдердің білім деңгейі:

| | **1-4 сыныптар** | | | **5-9 сыныптар** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мұғалімдер саны | жоғары білімді | арнайы орта білімді | мұғалімдер саны | жоғары білімді | арнайы орта білімді |
| **2022-2023** | 4 | 4/100/ | | 12 | 9/56,25/ | 3/18,75/ |
| **2023-2024** | 4 | 4/100/ | | 12 | 15/93,75/ | 1/6,25/ |
| **2024-2025** | 4 | 4/100/ | | 12 | 15/93,75/ | 1/6,25/ |

Кадрлардың сапалық құрамының қол жеткізілген деңгейі Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған көрсеткіштерге қаншалықты сәйкес келетінін анықтаудың эталоны жоғары білікті педагог кадрлардың үлес
салмағының нысаналы индикаторы болып табылады. Мұғалімдердің жалпы санының жоғары және бірінші санаттары.

**Мұғалімдердің үлесі 2022 -2023 оқу жылы:**

Жоғары – 1,/6,25/ педагог-зерттеуші- 6 , /37,5 %/, педагог-модератор-1, /6,25/

Мұғалімдердің үлесі 2023 -2024 оқу жылы:

Бірінші санатты- 1, педагог-сарапшы -12,5 , педагог-зерттеуші- 4 /25 %/, педагог-модератор- 2/12,5/

Мұғалімдердің үлесі 2024 -2025 оқу жылы:

Бірінші санатты- 1 /6,25/, педагог-сарапшы -2 /12,5/, педагог-зерттеуші-4 /25%/, педагог-модератор -8 /50/

Үш жыл ішінде бірінші санатты және педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор мұғалімдердің үлесі **79** пайыз құрайды.

Үш жылда 1 рет басшы кадрлардың біліктілігін арттыру
**Батыргужинов Ж.К.** мектеп директоры 2024 жылдың қыркүйек айында курстық даярлаудан өтті.
**Аубакирова М.А.** директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары 2022 жылдың қазан айында өтті.
**Омарханова А.Н.** тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 2023 жылдың қараша айында курстық даярлаудан өтті.
2022-2023 оқу жылында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметі бойынша 3 санатқа иеленді. (Аубакирова М.А.)
2024-2025 оқу жылында директордың тәрбие ісінің орынбасары қызметі бойынша 2 санатқа ие болды. (Омарханова А.Н.)

Педагогтардың еңбек өтілі мен жасы бойынша бөлінуін талдау педагогикалық ұжымның жеткілікті жетілгендігі мен тәжірибесін көрсетеді: 20 жылдан астам жұмыс өтілі бар мұғалімдер – 4 үлесі 20%, 16-20 жыл аралығында 7 мұғалім – 35%, 11-15 жыл аралығында 5 мұғалім – 25 %, 5-10 жыл аралығында 4 мұғалім – 20%.

**2022-2023 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Тақырып | Мерзімі | Өткен жері | Сериясы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Омарханова Алмагуль Нажмиденовна | «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту (5-9 сынып) | 17.10.-28.10.2022ж | «Өрлеу» БАҰО» | №0599268 |
| 2 | Исаханова Бахыт Серикбаевна | «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту (5-9 сынып) | 17.10.-28.10.2022ж | «Өрлеу» БАҰО» | №0599260 |
| 3 | Исаханова Бахыт Серикбаевна | «Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» | 20.02.-03.03.2023ж | ПШО | №014558 |
| 4 | Омарханова Алмагуль Нажмиденовна | «Тарих мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» | 20.02.-03.03.2023ж | ПШО | №014599 |
| 5 | Оспанова Акмарал | «Бастауыш сынып | 20.02- | ПШО | №016908 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аманбаевна | мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» | 03.03.2023ж | | |
| 6 | Абишева Райгуль Ахметовна | «Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» | 20.02-03.03.2023ж | ПШО | №1023i0g |
| 7 | Умербекова Динара Бейсембаевна | «Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» | 20.02-03.03.2023ж | ПШО | №1023hzk0 |
| 8 | Уабова Куралай Магауиденовна | «Педагогтің зерттеу қызметі: «Action Research және Lesson Stady» | 20.02.-03.03.2023ж | ПШО | №016882 |
| 9 | Құрманғазы Серікбол Берікұлы | «Педагогтің зерттеу қызметі: «Action Research және Lesson Stady» | 20.02.-03.03.2023ж | ПШО | №016878 |
| 10 | Абилкасимова Бану Оразхановна | «Бастауыш мектептегі сабақ; басымдықтар және жетілдіру стартегиялары» | 13.07.-22.07.2022ж | ПШО | №2е230IeI8 |

**2023-2024 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Тақырып | Мерзімі | Өткен жері | Сериясы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Құрманғазы Серікбол Берікұлы | «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» | 21.08.-01.09.2023 | Өрлеу | №0709095 |
| 2 | Умербекова Динара Бейсембаевна | «Пәндерді оқытуда цифрлық | 21.08.-01.09.2023 ж | Өрлеу | № 0709108 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ресурстарды пайдалану» | | | |
| 3 | Аубакирова Манар Амангельдиевна | «Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндері мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» | 11.03.-27.03.2024 ж | ПШО | № 077603 |
| 4 | Умербекова Динара Бейсембаевна | «Жаратылыстану және биология мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» | 03.04.-19.04.2024 | НЗМ | №7DTLXFR24 |
| 5 | Махметова Сауле Куандыковна | «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» | 21.08-01.08.2024 | Өрлеу | № 0708959 |
| 6 | Жактаев Тамирлан Кабиболлович | «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стартегиялары» | 11.03-27.03.2023 | ПШО | № 077460 |
| 7 | Батыргужинова Асемгуль Кенесовна | «Орыс тілі мен «әдебиеті мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда) | 09.04-19.04.2024 | ПШО | № 078287 |
| 8 | Батыргужинов Женис Кожаханович | «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру | 11.03.-27.03.2024 ж | ПШО | № 077453 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | стратегиялары» | | | |
| 9 | Нұртаза Жансая Бескемпырқызы | «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» | 25.09.-05.10.2023 ж | Өрлеу | № 0710013 |
| 10 | Батыргужинова Анар Майкеновна | «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» | 09.10.-19.10.2023 ж | Өрлеу | № 0710364 |
| 11 | Битниева Гульнара Кадыровна | «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» | 26.03.-05.04.2024 ж | Өрлеу | № 0826106 |
| 12 | Мукашева Гульнур islямшиновна | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыру» | 23.10.-01.11.2023 ж | Балаларды ерте дамыту институты | № 003972 |
| 13 | Құрманғазы Серікбол Берікұлы | «Көркем еңбек педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту» | 02.08.-09.08.2024 ж | Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық біліктілікті арттыру орталығы | № 014273 |
| 14 | Құрманғазы Серікбол Берікұлы | «Тарих мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» | 05.04.2024 ж | ПШО | № 075515 |
| 15 | Дюсембаев Нурсултан Айбекович | «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» | 12.04.2024 ж | ПШО | № 077920 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16 | Рыспаева Анар Магауиденовна | «Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын-алу» | 19.04.2024 ж | Өркен | № 0042076 |

2024-2025 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Тақырып | Мерзімі | Өткен жері | Сериясы |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Батыргужинов Женис Кожаханович | «Эмоционалдық интеллект-педагогтің кәсіби міндеттерін шешу құралдары» | 16.09.-27.09.2024ж | Өрлеу | №0829559 |
| 3 | Кайржанова Дидар Айдыновна | «Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» | 16.09.-27.09.2024ж | Өрлеу | №0829393 |

Аттестаттау материалдарын зерделеу аттестацияның педагогикалық шеберлікті арттырудың қуатты стимулына айналғанын, жоспарлы түрде жүргізілетінін, жүйелілік, сабақтастық, бақылау және шығармашылықты ынталандыру принциптерін жүзеге асыруға негізделгенін көрсетті. Барлық құжаттама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сәйкес жүргізіледі. Соңғы 3 жылдың ішінде 13 мұғалім аттестациядан өтті, оның үлесі санатын көтергендердің 81,25% құрайды.

Педагогикалық кадрларды аттестациялау үдерісін қамтамасыз ету бойынша жоспар құрылды.Аттестаттау комиссиясының отырыстарында жыл сайын хаттамалар жүргізіледі, бұйрықтар шығарылады, біліктілік куәлігін тіркеу және беру тізімі бар. Аттестаттау туралы бұйрықтар мен куәліктерінің көшірмелері педагогтардың жеке істеріне қоса беріледі, біліктілік санаттарын беру туралы жазбалар еңбек кітапшаларында жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігінің әкімшілік қызметі мектеп ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық климатты қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру міндеттерін шешуде ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне бағытталған. Мектепте адам ресурстары жоғары

деңгейде. Мұғалімдердің 37,5%-ы педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, 43,75% педагог-модератор санаттарына ие.

Сонымен бірге біз мектептің дамуының проблемалары мен болашағын көреміз:

-мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытуға, жеке жауапкершілігіне және мектепті дамыту міндеттерін шешудегі жұмыстың маңыздылығына ықпал ететін шығармашылық атмосфераны құру;

- педагогикалық ұжымның басым бөлігінің педагог-зерттеуші жұмысының дағдыларын дамытуға мотивациясын дамыту;

- мектептің сапа көрсеткіштерінің тұрақтылығы мен өсуіне қол жеткізуде қолда бар еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету.

## Оқушылар контингенті

Мектептің негізгі міндеттерінің қатарында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісі субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

2022-2023 оқу жылының басында оқушылар саны 52 оқушыны құрады, оның ішінде қыздар – 27, ұлдар – 25.

2023-2024 оқу жылының басында оқушылар саны 56 оқушыны құрады, оның ішінде қыздар – 27, ұлдар – 29.

2024-2025 оқу жылының басындағы оқушылар саны 53 оқушы, соның ішінде. қыздар –27, ұлдар – 30.

| **Оқу жылдары** | **Барлық оқушылар саны** | **1-4 сынып** | **5-9 сынып** |
|---|---|---|---|
| **2022-2023** | 52 | 27 | 25 |
| **2023-2024** | 56 | 29 | 27 |
| **2024-2025** | 57 | 24 | 33 |

Мектеп оқушыларының контингенті жылдан жылға саны бұрынғы деңгейден төмендеп отыр. Негізгі себеп ауыл халқының саны азайып жатыр.

## Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқу процесін ұйымдастырудың негізі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары болып табылады.

Мектепте білім беру Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің негізгі мазмұны инварианттық бөліктің оқу пәндері арқылы толық жүзеге асады.

Бастауыш білім беру сыныптарының жұмыс жоспарлары бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған.

Өткен төрт оқу жылындағы МЖМБС-нің (ГОСО) орындалуын талдау оқу жоспарының барлық пәндері бойынша бағдарламалардың практикалық бөлімін қоса алғанда толық орындалғанын көрсетті.

Білім беру бағдарламаларының, жазба және бақылау жұмыстарының нормаларының орындалу мәселесі әкімшіліктің тұрақты бақылауында, барлық тексерулердің нәтижелері анықтама түрінде ресімделеді.

Мемлекеттік білім стандартының талаптарын сақтау мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық кеңестерде қарастырылады. Мектепте 4 әдістемелік бірлестік (бастауыш сыныптар, гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математика, сынып жетекшілері) бар.

Білім беру мазмұнын жаңарту жұмыстары педагогикалық ұжым қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Заманауи білім беру технологияларын шеберлікпен қолдану арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» бірыңғай әдістемелік тақырып аясында:

- оқушылар мен ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жоспарының вариативті бөлігіне енгізілген факультативтік пәндер ауқымын кеңейту;
- қолданбалы курстарға арналған авторлық бағдарламаларды әзірлеу;
- оқытудың жаңа білім беру технологияларын енгізу, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруға, педагогикалық процестің субъектілері арасындағы қарым-қатынасты үйлестіруге ықпал ету.

Педагогикалық ұжымның педагогикалық технологияларды, оқытудың заманауи әдістерін енгізудегі мақсатты жұмысы оқу-тәрбие процесінің дамытушылық және оқыту функцияларын қамтамасыз етуге, оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруға жағдай жасауға ықпал етеді.

Мектептің білім беру бағдарламасы мен оқу жоспары мектептің мемлекеттік функциясын - негізгі жалпы орта біліммен қамтамасыз етуді және баланы оқу процесінде дамытуды қамтамасыз етеді. Бұл мақсатқа жетудің негізгі шарты – әр баланың мүмкіндіктері мен қабілетін ескере отырып, әрекетке қосу.

Мектеп білім сапасын арттыру мәселелерінің шешімін оқу пәндерін оқытудың жай-күйін бақылау жүйесін жетілдіруден, мектеп оқушыларының білімінің тақырыптық есебін жүргізуден, заманауи білім беру технологияларын, АКТ-ны қолдану арқылы балалардың ынтасын арттырудан көреді.

| | **Оқу жылы** | | |
|---|---|---|---|
| | **2022-2023** | **2023-2024** | **2024-2025** |
| Оқушылар саны | 52 | 56 | 57 |
| Екпінділер саны | 23 | 26 | |
| Екпінділер % | 51% | 58% | |
| Үздіктер саны | 12 | 10 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Үздіктер % | 27% | 22% | |
| Үлгермеушілір саны | 0 | 0 | 0 |

9-сынып бітірушілерін мемлекеттік (қорытынды) аттестаттау тиісті нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып, дәстүрлі емтихандар түрінде ұйымдастырылады.

## Мектеп оқушыларының ғылыми қоғам жұмысы

Оқушылар оқу жылдар бойы түрлі зияткерлі сайыстарға, марафондарға, қашықытық олимпиадаларға қатысады.

**2022-2023 оқу жылы:**

Осы оқу жылында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

**Қыркүйек айында,** Қыркүйек айында, бірлесе отырып, күнтізбелік, сабақ жоспарларын жасау үлгілері жөнінде нұсқау беріліп, нормативтік іс-қағаздар жүргізуді, журнал толтыруды үйрету нұсқауларымен таныстырылды және осылардың барлығы мектеп директоры мен оқу ісінің меңгерушісіне бекіттіріп, жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар мектепішілік семинарлар, ашық сабақтар және жас мамандарға дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Өзара сабақтарға қатысу жұмыстары жүргізілді. Үлгерімі төмен және дарынды оқушыларға жоспарлар құрылып, жұмыстар жүргізілді. Махметова С.Қ. ZIATKER. KZ –Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым порталында бірнеше авторлық материалдарды жариялап сертификаттар мен алғыс хатпен марапатталды.

**Қазан айында** Қали Мәрә аудандық «Зерде» ғылыми зерттеу жұмысына медицина саласы бойынша қатысып, үшінші орынға ие болды.Жамбырбаева Аруай аудандық «Зерде» ғылыми жобалар сайысына қатысып 3-орынға ие болды.

Садықова Г.Ж. Физика пәнінен апталық өткізді. Оқушылар апталықта өтілген әр іс-шараға өте күшті қызығушылықпен қатысып, белсенділік таныта білді. Соңғы күні қорытынды жасалып, оқушылар мақтау қағаздары мен сыйлықтармен марапатталды. І тоқсандық қорытынды көрсеткіштері:

5-сынып
Математика - 80%
Жаратылыстану - 80%
Информатика -80%

6-сынып
математика -57%
география -50%
биология -57%
Информатика-100%

7-сынып

Математика-100%
Биология-67%
Физика-100%
География-67%
Информатика-100%

8-сынып
Математика-50%
Физика-67%
Биология-83%
Химия-67%
География-50%
Информатика-100%

9-сынып
Алгебра-82%
География-82%
Биология-91%
Химия-91%
Физика-91%
Информатика-100%

**Қараша айында,**
7-12-сі аралығында математика пәнінен 6 күндік апталық өтілді. Апталықтың тақырыбы: «Білімдіге – биіктен орын». «Алтын асық» облыстық зияткерлік конкурсына 5-6-сыныптар аралығында 4-оқушы қатысты. 5-сыныптан: Серғазы Сымбат, Құрманғазы Бексұлтан. 6-сыныптан: Жамбырбаева Аруай, Серікбай Аянат. Қатысқандары үшін сертификатпен марапаттады.
**Желтоқсан айында,** «Оқушы бойындағы дарындылықты дамыту» тақырыбында биология пәнінің мұғалімі баяндама оқыды. 5-сынып бойынша Серғазы Сымбат, Құрманғазы Бексұлтан Математика және жаратылыстану пәндері бойынша «Ақ Бота» интеллектуалдық марафонына қатысып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

І ж.ж. бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарын сараптау:

5-сынып
Математика - 80%
Жаратылыстану -100%
Информатика -100%

6-сынып
математика -57%
география -50%
биология -57%
Информатика-100%

7-сынып
Математика-100%
Биология-67%
Физика-100%
География-67%
Информатика-100%

8-сынып
Математика-50%
Физика-67%
Биология-83%
Химия-67%

География-50%
Информатика-100%

9-сынып
Алгебра-82%
География-82%
Биология-91%
Химия-91%
Физика-91%
Информатика-100%

**Қаңтар айында** математика пәнінің мұғалімі Махметова С.Қ. «Танымдық ойындар – білім кілті» атты баяндама оқыды.
Пән мұғалімдері өзара сабаққа қатысып, бағыт бағдар көрсетілді.
«Математика және физика» №1 журналына физика пәні мұғалімі Садыкова Г.Ж.-ның «Жұмыс.Қуат.Энергия» тарауын қайталауға арналған тест жұмысы жарияланды.
«Математика және логика» №1 журналына математика пән мұғалімі Махметова С.Қ.-ның «Қарама-қарсы сандар. Бүтін сандар. Рационал сандар туралы түсінік» тақырыбында сабақ жоспары басылып шықты.
**Ақпан айының** 6-11 аралығында биология пәнінен апталық өткізілді. Пән мұғалімі ашық сабақтармен қатар өте тартымды сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырды. Апталықтың қорытындысы бойынша әдістемелік бірлестікте дөңгелек үстел ұйымдастырылып, пән мұғалімдері өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар туралы өз ой пікірлерін ортаға салды.
Аудандық мұғалімдер пән олимпиадасында Умербекова Динара Бейсембайқызы жүлделі орынға ие болып, облыстық олимпиадаға қатысты.
**Наурыз айында** «Биология сабақтарында оқушылардың икем-білік дағдыларын» салыстырмалы тексеру мақсатында пән мұғалімі Умербекова Динара Бейсембайқызы бір апта бойы әр түрлі жұмыстар жүргізіп, оқушылардың икем-біліктерін салыстырып, қорытындылап, соңынан мониторингін шығарды. Қорытындылай келе оқушылардың биология пәні бойынша икем-білік дағдылары жоғары деңгейде және биология пәнін жақсы меңгеруде.

ІІІ тоқсан бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарын сараптау:

| 5-сынып | 6-сынып |
|---|---|
| Математика - 80% | математика -57% |
| Жаратылыстану -100% | география -50% |
| Информатика -100% | биология -57% |

Информатика-100%

7-сынып
Математика-100%
Биология-67%
Физика-100%
География-67%
Информатика-100%

8-сынып
Математика-50%
Физика-67%
Биология-83%
Химия-67%
География-50%
Информатика-100%

9-сынып
Алгебра-82%
География-82%
Биология-91%
Химия-91%
Физика-91%
Информатика-100%

**Сәуір айында** физика пәнінен 7-сыныпта «Архимед күші» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Ашық сабаққа әдістемелік бірлестік мүшелері қатысып, өз ой пікірлерін білдірді.

10-15-сәуір аралығында информатика пәнінен апталық өткізілді. Апталық құрылған жоспар бойынша жүргізілді. Әдістемелік бірлестікте талқыланды.

«Сыныптағы гүлдерді күту және баптау» тақырыбында мектепішілік практикалық семинар ұйымдастырылып, «Өсімдіктерді көбейту» жайында баяндамалар оқылып, пән мұғалімдерімен пікір алмасты.

8-сынып оқушысы Жұмабаева Айназ «XVII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференцияға «Тұздың адам өміріндегі маңызы» тақырыбымен қатысып, мақаласы жинаққа енді. Жетекшісі Умербекова Д.Б.-на «Алғыс хатпен» марапатталды.

**Мамыр айында** II ж.ж. қорытынды бақылау жұмыстары бойынша диагностикалық мониторингтерін талдау жүргізілді.

Тілдер бірлестігі мүшелерінің алғашқы отырысы тамыз айының 29-ы өткізілді. Бірлестік жетекшісі болып ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Уабова К.М. бекітілді. Басқа бірлестік мүшелерінің де функционалды міндеттері жүктеліп берілді. Осы отырыста бірлестіктің жылдық жоспары құрылды. Жоспар бойынша пән мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарларын бекіту, аралық және тоқсандық бақылау жұмыстарын талқылау, оқушылардың қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша әр айда оқу шапшаңдықтарын тексеріп отыру, оқу үлгерімдерінің мониторингін жасау, ашық сабақтар, апталықтар, мектепішілік олимпиадалар, әр түрлі ақын-жазушылар оқуын өткізу, аудандық, облыстық іс-шараларға, мұғалімдер олимпиадасына

қатысу, санат алатын ұстаздардың жоспарлары қарастырылып барлығы қамтылды.
Ал өткен оқу жылы бойынша есеп беретін болсақ , бірлестікте барлығы 6 мұғалім болды. 6 мұғалімнің 5-еуі жоғары білімді,біреуі орта білімді. Санаттары бойынша оқу жылының басында 4 мұғалім жоғары санатты,екеуі санатсыз.
**Қыркүйек айында**, бірлесе отырып, күнтізбелік, сабақ жоспарларын жасау үлгілері жөнінде нұсқау беріліп, нормативтік іс-қағаздар жүргізуді, күнделік толтыруды үйрету нұсқауларымен таныстырылды және осылардың барлығы мектеп директоры мен оқу ісінің меңгерушісіне бекіттіріп, жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар мектепішілік семинарлар, ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Өзара сабақтарға қатысу жұмыстары жүргізілді.
**Қазақ тілі апталығы.** Тілдер апталығы **«Қызықты тілдер әлемі»** тақырыбында өтті. Апталық шеңберінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің мұғалімдері түрлі білім сайыстарын ұйымдастырып өткізді. Апталыққа 5-9-сынып оқушылары ат салысты.

Апталық барысында өткізілетін іс-шаралардың жоспары құрылып, әр түрлі тапсырмалар бұрышы дайындалды. Аптаның бірінші күні Б.С. Исахелованың ұйымдастыруымен 8-9 сыныптар аралығында «Әдебиет білгірлері» сайысы өткізілді. Сайысқа «Жалын» және «Болашақ» топтары қатысты. Сайыс мынадай 7 кезеңнен тұрды: Таныстыру, «Бәйге», «Ұтқыр болсаң тауып көр», «Шешендік сайыс», «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», «Сиқырлы ұяшықтар», «Жүйрік болсаң, озып көр». Бірінші кезең бойынша топтар өздерін таныстырып, ұрандарын айтып өтті. Екінші «Бәйге» кезеңінде екі топқа әдебиет пәнінен өткен тақырыптары бойынша 10 сұрақтан берілді, әрбір дұрыс жауап үшін 1 ұпайдан беріліп отырды. Сұрақтарға нақты, әрі жылдам жауап беру. Үшінші «Ұтқыр болсаң тауып көр» кезеңінде әдебиет сабағында оқыған шығармаларынан үзінділер оқылды, шығарманың атауын және авторын дәл атаған топқа 5 ұпайдан берілді. Төртінші «Шешендік сайыс» кезеңінде жүргізуші бір өлең оқып, топтар оны әрі қарай жалғастырып оқуы және авторын дәл тауып атаулары қажет болды. Әрбір дұрыс жауап үшін топтарға 10 ұпайдан берілді. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» атты бесінші кезеңде оқушылардың талапқа сай өлең құрастыру шеберліктері шыңдалды. Алтыншы сиқырлы ұяшықтар кезеңінде «Ауыз әдебиеті», «XIX ғ. әдебиеті», «XX ғ. әдебиеті», «Салт-дәстүр» бөлімдерінде 10,20,30,40,50 ұпайлары астында сұрақтар жасырылды. Сұраққа дұрыс жауап берген топ сол ұпайды өз тобына қосып отырды. Жетінші «Жүйрік болсаң, озып көр» кезеңінде берілген екі сөз бойынша дұрыс мақал-мәтел құрастыру

керек болды. Сайыс соңында жеңіске жеткен «Болашақ» тобы мақтау қағазымен марапатталды.

**Қазан айында** оқушылардың оқу шапшаңдықтары тексерілді. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша салыстырмалы анализ жүргізілді. Негізінен, оқушылардың қазақ тілі, орыс тілі пәндері бойынша оқу техникалары жақсы екендіктері көрінді. Ағылшын тіліне әлі де болса оқушылармен көп жұмыс істеу керек екендігі ескертілді. Ал жалпы осы пәндер бойынша оқушылардың дәптерлері тексерілді. Пән мұғалімдерінің дәптер жағдайына үлкен жауапкершілікпен қарайтындары көрінді. Әр оқушының жұмысынан кейін тиісті бағалары қойылып , ескерту жазылып отырғаны белгілі болды.

Осы қазан айында М.А.Аубакирова «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында 5-сыныппен ,Б.С.Исаханова «Шешендік сөздер» тақырыбнда 9-сыныппен ашық сабақтар өткізді. Бұл мұғалімдердің сабақтары жоғары деңгейде өтті.Сабақта жаңа әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдана отырып, оқушылардың өз бетінше білімді игеріп, оны қолдана білулеріне жағдай жасады. Сабақ өте жоғары деңгейде өткізілді.

Мектепте дарынды оқушылар бар. Олармен жұмыс бір жүйеге қойылған. Жоспары, оқушы тізімдері, істелетін жұмыстар, өткізілетін іс-шаралар құрылған. Осының негізінде мектеп оқушылары әр түрлі марафондарға, олимпиадаларға, оқуларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Жыл бойы бірлестік мүшелері жоспарланған іс-шараларды іске асыру үшін тынбай еңбек етіп, осы еңбектерінің нәтижесін де көрді. Мектепішілік «Иса оқулары» қазан айында өткізілді. 5-9-сынып оқушылары қатысты. Белсене қатысқан оқушыларды атасақ,Серикбаева Г,Қуандық П,Қуандық Ұ. Серикбаева Г мен Қуандық П ауданға жолдама алып , аймақтық байқаудан 1-2 -орындарды қанжығаларына байлады.

**Қараша айында** «ББЖМ-ға дайындықтың тиімді жолдары» тақырыбында оқу ісі меңгерушісінің қатысуымен отырыс өткізілді. 9-сынып оқушыларын барлық негізгі пәндер бойынша дайындау керек екендігі айтылды.

I тоқсандық қорытынды бойынша сыныптардың деңгейінің мониторингі шығарылып, салыстырылды. Сыныптардың білім деңгейлерінің көрсеткіштері төмендегідей:

Жалпы сыныптар бойынша білім сапасы :

5-сынып - 57%
6-сынып - 67%
7-сынып - 50%
8-сынып - 82%

9-сынып - 67%

**Қараша айында** мектепішілік олимпиада өтті. Қатысқан оқушылардың орындары анықталды. Гуманитарлық пәндер бойынша мектепішілік олимпиада өтті. Олимпиада қорытындысы бойынша **қазақ тілі** пәнінен:

5-сынып:

I орын: Серғазы Сымбат

сынып

I орын: Серікбай Аянат

9-сынып:

I орын :Серикбаева Аянат

**Орыс тілі пәнінен**

7-сынып:

I орын : Хамит Нұрхат

**Ағылшын тілі пәнінен**

6-сынып: II-Жамбырбаева Аруай

8-сынып: I- орын Сағит Даяна

**Тарих пәнінен**

9-сынып: II орын : Қуандық Перизат

8-сынып: III орын : Қуандық Мерей

Оқушылар желтоқсан айында өткізілетін аудандық пән олимпиадасына қатысатын болды. Сонымен қатар 5-9-сынып оқушылары «Ақбота» марафонына қатысып, тапсырмалар орындап, сертификатқа ие болды.

**Желтоқсан айында** тіл мамандарының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік тәу етер жалғыз кие», «Желтоқсан жаңғырығы - тәуелсіздік» атты өлеңдер оқу сайысы өтті. 5-9-сынып оқушылар қатысты. Бұл сайыста оқушының таңдаған өлеңінің тақырыбы, мәнері, жатқа толық айтулары бәрі қарастырылды. Бұл сайыста 8-сынып оқушысы жеңіске жетті.Тарих апталығы. Тәуелсіздік күніне орай «Тарих тамыры тереңде» атты апталық өткізілді. Апталық «Тарихым мақтанышым» деген баяндамамен басталып , апталық жоспарымен таныстырылды. Барлық жоғары сыныптың оқушылар қатысты. Баяндамада ата бабамыз ғасырлар бойы армандаған тәуелелсіздігіміздің қандай жолмен қол жеткізгеніміз туралы

айтылды.Апталықтың келесі күні «Жас тарихшы»  тақырыбына зияткерлік сайыс өткізілді. Мақсаты: Оқушыларждың тарих пәнінен білімдерін бақылау. Апталықтың үшінші күні – «Өз құқығыңды білесіңбе?» атты сайыспен жалғасты. Мақсаты
ҚР Конститутциясының баптарымен таныстыру,адамгершілік ізгі-қасиеттермен ар -ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру,саяси саналығымен таным белсенділігін арттыру,қоғамдағы заңдарды білуге , оны құрметтеуге баулу.

Апталықтың келесі күні – **«Тарихты білу парызым »** атты сыныптан тыс ойын сабағы өтті. Мақсаты:оқушылардың өз елінің тарихы жайлы білімдерін кеңейту. Туған ел тарихын білудің маңыздылығын сезіндіре отырып,Отансүйгіштікке тәрбиелеу.оқушылар екі топқа болініп , тарихи ат қойып , өздерін таныстырды . Олар әр түрлі тапсырмалар орындады.

Апталықтың бесінші күні  **«Құқық жіне бостандық»** атты сайыс өтті. Сайысқа7-8- сынып оқушылары қатысты. Сайыс төрт бөлімнен құралды.Оқушылар өздерін таныстырып , сұрақтарға жауап беріп,ой -елегінен өткізе білді.

**І жартыжылдық бойынша** оқушылардың оқу шапшаңдықтары тексерілді. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша салыстырмалы анализ жүргізілді. Негізінен оқушылардың қазақ тілі, орыс тілі пәндері бойынша оқу техникалары жақсы екендіктері көрінді.
І тоқсанмен салыстырғанда оқушылардың  оқу техникасының жетілгендіктері көрінді.

Жалпы осы пәндер бойынша оқушылардың дәптерлері тексерілді. Пән мұғалімдерінің дәптер жағдайына үлкен жауапкершілікпен қарайтындары көрінді. Әр оқушының жұмысынан кейін тиісті бағалары қойылып , ескерту жазылып отырғаны белгілі болды. Жарты жыл бойы оқушы дәптерлерінің сапасы – жақсы деңгейде. Тек орташа үлгеретін оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу керек екендігі ескертілді.

**ІІ тоқсан аяғында оқушылардың І жартыжылдық бойынша алған білімдері қорытындыланды , білім сапасының көрсеткіші төмендегідей:**

5-сынып
Қазақ тілі -100%
Әдебиет - 100%
Орыс тілі - 75%
Ағылшын тілі - 75%
Қазақстан тарихы - 100%

6-сынып
Қазақ тілі - 100%
Әдебиет - 100%
Орыс тілі - 100%
Ағылшын тілі - 100%
Қазақстан тарихы - 100%

7-сынып
Қазақ тілі - 100%
Әдебиет - 100%
Орыс тілі - 100%
Ағылшын тілі - 100%
Қазақстан тарихы - 100%
Дүние жүзі тарихы - 100%

8-сынып
Қазақ тілі - 100%
Әдебиет - 100%
Орыс тілі - 100%
Ағылшын тілі - 75%
Қазақстан тарихы - 82%
Дүние жүзі тарихы -82 %

9-сынып
Қазақ тілі - 67%
Әдебиет - 67%
Орыс тілі - 67%
Ағылшын тілі - 67%
Қазақстан тарихы - 67%
Дүние жүзі тарихы - 67%
Жалпы сыныптар бойынша білім сапасы:
5-сынып - 57%
6-сынып - 67%
7-сынып - 50%
8-сынып - 80%
9-сынып - 67%

**Қаңтар айында** «Жаңа технологияның тиімділігі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Осы әдістемелік бірлестіктегі барлық мұғалімдер өзара сабақтарға қатысып, өз ісіне үлкен талап қоя алатын ұстаздар үлгілі сабақтар өткізіп, өзара іс-тәжірибе алмасу үшін ұйымдастырылған «Ұстаздықтың белгісі үйретуден аянбау үйренуден жалықпау» атты атты 5 күндікте жас мұғалім өзіндік сабақ талдау жүйесін жасауды үйреніп, тәжірибелі мұғалімдердің сабағын талдап, өз ойларын ортаға салып, пікірлесті. Соңынан «дөңгелек стол» өткізіп, барлық өтілген сабақтар жан-жақты талқыланды.Тарих пәні мұғалімі Омарханова А.Н. 5-сыныппен «Сәулет ескерткіштері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Топпен жұмыс жасалды. Сабақта «Кім жылдам?», «Кім тапқыр ?», «Баспалдақ» ойын түрлері қолданылды. Сабаққа оқушылар белсене қатысты.

**Ақпан айында Орыс тілі** пәнінен апталық өтті. Жауапты орыс тілі пәні мұғалімі Батыргужинова Ә.К. 5-9-сыныптар аралығында өтті. Апталық жоспары төмендегідей: Дүйсенбі: Ашылу салтанаты негізінде оқушылардың

**«Роль русского языкав жизни общества»** тақырыбы бойынша дайындаған рефераттары оқылды.

Сейсенбі: **«Ты наш друг, русский язык»** атты интелектуалды ойын өтті. Ойынның мақсаты айтылды. 2 топ қатысты. «Дружба», «Парус». Ойын мынадай бөлімдерден құралды: «Представление команд», «Разминка», «Вспомни половицу», «Путаница», «Отгадай слово», «Что это» шуточный конкурс, «Конкурс капитанов» деген атаулармен ойын ойнатылды. Екі топта жақсы қатысты. «Дружба» тобы жеңіске жетіп, мақтау қағазымен марапатталды.

Сәрсенбі күні **«Юные лингвисты»** тақырыбында сайыс өтті. Мақсаты айтылды. Бұл сайыста жеке сайыкерлер қатысты. Бұл шара 5 турдан құрылды. I тур – «Разминка», сұрақтар, II тур – «Веселые угадайки», III тур – «Найди нужное слово» мақалдардағы айтылмай қалған сөздерді табу, IV тур – «Учащиеся выбирают тему задания» деген бөлімде оқушылар ұяшық таңдап, сұрақтарға жауап беріп, тиісті ұпайларын алып жатты. V тур – «Мастер класс» кто быстрее соберет стихи, шашылған сөздерден өлең жолдарын құрастыру. Бұл тапсырмалар бойынша оқушылар өздерін жақсы көрсетті. Алған білімдерін іс жүзінде қолдана алды. Әділқазылар алқасы қорытынды шығарып, жеңімпазды анықтады. Жеңімпаз 9-сынып оқушысы Курманова Назлы.

Бейсенбі күні **– «Словесная перестрелка»** танымдық ойыны жоспар бойынша өтті.Мақсаты: Орыс тілі пәні бойынша білім сапасын бақылау және тіл туралы білімдерін тереңдету, өз пікірлерін дәләлдей алу , тіл байлықтарын молайту; Шараның жоспары: «Разминка», «Какое начало , такой конец» , «Начало А, конец Я», «Составь слова» , «Тайнсвенное слово», «Сегодня на ОРТ» «Построй треугольник», «Напиши верно» деген атаулармен өткізілді. Ойынға 2 топ қатысты. «Умники», «Знатоки». Ең алдымен әрқайсысы өзін таныстырудан бастады. Екі топта өздерін жақсы қырларынан көрсете білді. Жеңімпаз топ анықталып, марапатталды.

Жұма күні – **«Все профессии нужны, все професии важны»** деген атаумен ойын өтті. Мақсаты: Орыс тілі пәнін меңгеру деңгейлерін көтеру, ауыз екі сөйлеуді дамыту, өздерін көрсетіп , басқаны тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру; Болашаққа мамандық таңдай білуге бағыт-бағдар сілтеу;Ойынға екі топ қатысты. Ойын мынадай бөлімдерден құралды: «Визитная карточка» , «Чтение стихотворении о труде , о профессиях» , «Кроссворд», «Угадай-ка» , «Конкурс капитанов». Жеңімпаз топ анықталды. Сенбі күні апталықтың қорытындысы шығарылды. Қатысушыларға сыйлықтар беріліп , марапатталды. Алдағы уақытта көптеген іс-шараларды үнемі ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Ағылшын тілінен 5-сыныппен жас маман Умербекова Д.Б. ашық сабақ өткізді.Бірлестік мұғалімдері мен мектеп әкімшілігі қатысты. Сабақ жоғары деңгейде өтті.Оқушылар қызығушылықпен қатысып, теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білді.Әр түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, жаңа сабақты меңгерте алды.

Осы айда **Ағылшын тілі** пәнінен апталық өтті. Жауапты ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Уабова К.М. 5-9-сыныптар аралығында өтті. Апталық жоспары төмендегідей:

Дүйсенбі: «Welcome to the world of English»апталықтың ашылуы. Апталықтың мақсаты: Оқушылардың ағылшын тілін мемлекеттік білім беру стандарты бойынша меңгергендігін бақылау, олардың қабілеті мен тілін дамыту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін тексеру; Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, ағылшын тілін құрметтеуге үйрету, оқушыларды ағылшын тілінде еркін сөйлеуге дағдылау, сөздік қорын молайту; Ұжымдық еңбекке тәрбиелеу, өздігінен іздене білуге үйрету, өз ана тілі мен қатар ағылшын тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Безендіру: Мектептің акт залы, қабырғалары әр түрлі ағылшынша ұрандардан, бағыттардан, қабырға бұрыштарынан жасақталынды: «” Welcome , to our English Week!,” “ Let’s learn English!”, ” Let’ speak English once week”, “ English language –is a World Language”, “ Do you speak English?’’ and others».Апталықтың ашылу рәсімі кезінде оқушылар апталықтың мақсатымен , шарттарымен танысты.Апталықтың ашылу салтанатында екі жүргізуші болады , біреуі ағылшын тілінде, екінші оқушы қазақ тілінде өз ана тілімізде алып барады. Ашылу салтанатында 5-9 - сынып оқушылары белсенділік танытты. Сейсенбі күні 5 – 6 сыныптар арасында «The sights of three countries» тақырыпқа байланысты қабырға газеті байқауы ұйымдастырылды. Сонымен қатар оқушыларға ағылшын тіліндегі ребустар, жұмбақтар, кроссвордтар, тесттерді шешу ұсынылды.
Сәрсенбі күні 7-9 сыныптар аралығында “The leader of the XXI century!” атты интеллектуалдық ойынын өткізді. Ойын полиглот түрінде өтіп, әр тақырыптарды қамтыды. Оқушылар ойынға қызығушылықпен қатысты. Осы зияткерлик ойында қызықты тапсырмалар берілді. Бұл интелектуалдық ойында оқушылар бір-бірімен жарысып, мәресінде бір оқушы шығып, марапатталды. Сайыста оқушылар ағылшын тілінен жан-жақты білім деңгейлерін көрсете білді. Сайысты слайдтар бойынша өткізді.Сайыста мақалдар айтып жарысу, мақалдардың жалғасын табу, сұраққа байланысты мақалдар табу сияқты тапсырмалар орындалды. Жеңімпаз атанған 8 сынып тобы апталық қорытындысында мақтау қағазымен марапатталды.Бейсенбі күні «Kazakhstan is my motherland» атты шығармалар байқауы өтті. Үздік қабілетімен, ұйымдастырушылық шеберлігімен көзге түскен оқушылар, жеңімпаз сыныптар арнайы мақтау қағаздарымен, сыйлықтармен марапатталды. Жұма күні «Welcome to the world of English» атты ағылшын тілі апталығының жабылу рәсіміне кітап туралы іс-шара өтті. Бұл іс-шарада атақты ағылшын ақын-жазушылары аталып, сол тақырыпқа байланысты мектеп оқушылары өз өнерлерін көрсетіп, ағылшын тілінен үйренген өлеңдерін, әндері мен билерін, көріністерді сахна төрінде мұғалімдер мен оқушылар арасында көрсете білді.Үздік қабілетімен, ұйымдастырушылық шеберлігімен көзге түскен оқушылар, жеңімпаз сыныптар арнайы мақтау қағаздарымен, сыйлықтармен марапатталды.

Оқушыларымыз апталықтан жақсы әсер алып, белсенділіктері артып, ағылшын тілі пәніне деген қызығушылықтары арта түсті.
Сонымен қатар, апталық барысында өздерін белсенді ұстап, іс-шараларға қатыса білген оқушылар да марапатталды.
Қорытындылай келе, апталыққа жоспарланған сыныптан тыс шаралар өткізілді. Өтілген шаралар бойынша белсенді қатысқан оқушылар, сайыс жеңімпаздары мен апталыққа белсене қатысқан сыныптар апталық соңында марапатталды. Барлық шараларды
ұйымдастыруда жаңа технологияны, АКТ –ны тиімді қолданып өтілгендігі атап өтілді.**Наурыз айында** мектепішілік «Абай оқулары», «Махамбет оқулары» өткізілді. **Наурыз айында** мектепішілік «Абай оқулары», «Махамбет оқулары» өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша 6-сынып оқушысы Тулеубаева Арулан «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» номинациясы бойынша өз шығармашылығымен , «Өлең сөздің патшасы , сөз сарасы» номинациясы бойынша 9-сынып Серикбаева Гүлдира жүлделі орындарға ие болды. «Махамбет оқулары» өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша «Ел құтқарар ер едім...» номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Қуандык Перизат, «Тартынбай сөйлер асылмын...» номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Серикбаева Горын алды.Оқушыларға жұмыстарын жалғасытырып, өлең жаттау, өлең жазу қажет екендікі ескертіліп тапсырма берілді. Білімді ұрпақ – білімді ұстаздан, білікті маманнан. Мектептегі қызмет атқарып жүрген мұғалімдердің кәсіби деңгейінің көтерілуіне, оның жаңа ұстанымға сай болуына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, бағдарлы білім беруде нәтижеге жетулеріне жағдай жасау – басқарушылық міндет. Жүйелі еңбек қашанда нәтижелі болмақ. «Мектептің тірегі де, тілеуі де оқыта білетін мұғалім» деп А.Байтұрсынов айтқандай, білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру мүмкін емес. Осы мақсаттарды жүзеге асырудың алғышарты – оқу-тәрбие жұмысын басқаруды жүйелі жоспарлай білу, сол жоспарды жүзеге асыру. Жыл соңында бірлестік мүшелерінің отырысы өткізіліп жыл бойғы өткізілген іс-шаралар талқыланып қорытындыланды. Шығармашылықпен айналыса отырып, мұғалім оқу сапасын арттырады,оқушының жеке дара қасиетін кеңейтеді.Яғни, зеректігі, ізденімпаздығы, шабыты, белсенділігі, қызығушылығы артады.Сол себепті оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға тиіспіз.Сонымен бірге қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілінен дәптер жағдайлары тексерілді. Мемлекеттік емтиханға дайындық кестесі құрылып, емтихан материалдары талқыланып бекітілді. **Сәуір айында** орыс тілі пәні бойнша ашық сабақ өтті. Тақырыбы «Международный день земли». Оқушылар сабаққа түгелімен қатысты. Сабақта ойлау дағдыларының түсіну, қолдану, жинақтау деңгейлері қолданылды. Оқушылар «солнечный зайчик» әдісі арқылы психологиялық ахуал қалыптастырды. Жаңа белсенді әдіс-тәсілдер ретімен жүйелі түрде іске асырылды. Оқушылар сабаққа белсенділікпен қатысып қызығушылық

танытты. Пән мұғалімі сабаққа жоғары дайындықпен келгендігі байқалды. Саралау бойнша тапсырмалар өте жақсы дайындалған.

Сабақ ортасында «Көңілді күн» сергіту сәті өткізілді. Сабақта «веер» әдісі, «балық қаңқасы» диаграммасы сияқты белсенді әдіс-тәсілдер тиімді қолданылды. Сабақ соңында кемені бояу арқылы кері байланыс жасалды. Сабақ соңында пән мұғалімдеріне сабақтың жетістіктері мен ұсыныстар айтылды.

Осы айда 9-сынып оқушылары қазақ тілі, орыс тілі,ағылшын тілі, математика,тарих және жаратылыстану пәндері бойынша ББЖМ тапсырды . Нәтижесінде сынып білімі 67 пайыз.

Факультатив сабақтар бойынша іс-шаралар өткізіліп қорытынды жасалды.

**Мамыр айында** қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша дәптер жағдайлары тексерілді. Жылдық бақылау жұмыстарына талдау жасалып, оқушылардың білім сапасына сараптама жасалды.

**Маусым айында** өткізілген емтихандар бойынша қорытынды жасалды. 9-сыныпты аяқтаған 4 оқушының біреуі барлық емтиханды «5»-ке,екеуі «4»-ке, ал бір оқушы «3»-ке тапсырды.

**2023-2024 оқу жылы**

Осы оқу жылында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

2023-2024 оқу жылының бастауыш сынып бірлестігінің жылдық есебі

Әрбір жеке тұлғаның болашағы мектебінде шыңдалады. Ертең осы елге ие болатын болашақтың иесі – бүгінгі мектеп оқушылары. «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» деп ұлы жазушымыз М.Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апаратын жолдың бастауы –мектеп. Мектептегі білім – барша әлем тыныс-тіршілігінің алғашқы іргетасы. Осы іргетас сабақта қаланады. Сабақ –әр мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Мұғалімнің кәсіби білімі қаншалықты жоғары болса, ол оқытып, тәрбиелеген оқушы да соншалықта сауатты.

Қазір білім саласы жаңаша білім беру жүйесіне бағдарлы түрде көшу үстінде. Осыған байланысты «Мектептегі әрбір тұлғаның жалпы мәдениетін дамытуға, XXI ғасырға лайықты оқыту мен оқуға қажет білім мен дағдыны қалыптастыруға, кез-келген өзгерістерге дайын болу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған оқу –тәрбие үдерісін жандандыру. Оқу мен оқытудағы үдерістерді тиімді жүргізу мен атқарылған әрекеттердің тиімділігін анықтау» мектебіміздің алға қойған мәселесін негізге ала отырып, бастауыш сынып пән бірлестігі «Жаңа білім беру мазмұнына сәйкес, ақпараттық технологияларды бастауыш сынып пәнін оқытуда тиімді пайдалану арқылы, білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттыра отырып, шығармашыл, Ұлттық мәдениет пен ұлттық рухты бойына сіңірген, өмірге бейім, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны қалыптастыру» сынды өзекті

мақсаттарды жүзеге асыруда бірлестік мүшелері тыңғылықты еңбек етті.

«Бірлік НЖББМ» КММ –нің 1 сыныбының 2023-2024 оқу жылындағы өткізілген іс-шаралары жөніндегі анықтамасы
2023-2024 оқу жылының басында 11 оқушы 6ұл,5 қыз болды. Осы оқу жылының соңында 11 оқушы 6 ұл, 5 қыз аяқтады.
Жыл бойында мектепішілік жоспарға сәйкес оқушылар түрлі іс-шараларға, олимпиадаларға,көрмелерге қатысты. Атап айтқанда, тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген көрмелерге суреттерін салып,табиғи заттардан бұйымдар жасалып қойылды.
Пәндік онлайн олимпиадаларға қатысып серификаттар мен 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталды. «Пони» олимпиадасына қатысып, Қали Бақдаулет І-орын, Қуандық Мариям, Батырғожин И. сертификаттарға ие болды. «Ақ бота» олимпиадасына қатысқан Қали Бақдаулет ІІ – орынды, Бескемпыр Гүлниса, Серикбаева Айсезім сертификатпен марапатталды. Мектепішілік «Алтын күз» сайысында Садык Амина  1-орынға, «Туған жер» тақырыбында өткен мәнерлеп оқу сайысында Бекмұқан Алихан  1-орынға ие болды.

Бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігінде математика пәні бойынша «Тонна.Грамм» тақырыбында ашық сабақ, «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.
«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында сынып оқушылары екі топқа бөлініп,жыл бойы аптаның сәрсенбі және бейсенбі күндері мектебіміздің кітапханасына балалар кітап оқу сағатына барып жүрді
«Қош келдің,Наурыз!» мерекесі ата-аналардың қолдауымен мектебіміздің акт залында тамаша концерттік бағдарлама өтілді. Қалима әжеміз, Нақия әжеміз «Тұсау кесу» ұлттық дәстүрімізді балаларға көрсетіп берді.

Сынып жетекшісі: Умербекова Д.Б.

«Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебінің» КММ –нің 2 сыныбының 2023-2024 оқу жылындағы өткізілген іс-шаралары жөніндегі анықтамасы
2023-2024 оқу жылының басында 6 оқушы 4 ұл,2 қыз болды. Осы оқу жылының соңында 6 оқушы 4 ұл,2 қыз аяқтады.
Жыл бойында мектепішілік жоспарға сәйкес оқушылар түрлі іс-шараларға,олимпиадаларға,көрмелерге қатысты. Атап айтқанда, тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген көрмелерге суреттерін салып,табиғи заттардан бұйымдар жасалып қойылды
.     Пәндік онлайн олимпиадаларға қатысып серификаттар мен 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталды. «Кенгуру» олимпиадасына қатысып,

Сейтханова С 3-орын, Сайлаубай Омар 3-дәрежелі дипломмен марапатталды.. «Ақ бота» олимпиадасына қатысқан Бекмұқан Айым 2-орын,Жамбырбаев Есімжан 2-орын, Бекен Мәдениет 2 - орынмен марапатталды. Бастауыш сынып оқушылары арасындағы математикалық аудандық турнирде Омар Сайлаубай І-орын иеленді. «Балалар әдебиетінің бір бәйтерегі» атты аудандық «Мүбәрак оқулары» байқауында Сейтханова Сезім 3-орын алып марапатталды

Мектепішілік «Алтын күз» сайысында Сейтханова Сезім 1-орынға, «Туған жер» тақырыбында өткен мәнерлеп оқу сайысында Сайлаубай Омар 3-орынға ие болды.

Бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігінде математика пәні бойынша «Сөйлем мүшелері » тақырыбында ашық сабақ, «Ата –ана баланың бас- ұстазы » тақырыбында ата –аналармен іс шара өткізілді

«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында сынып оқушылары 4 топқа бөлініп, мектебіміздің кітапханасына балалар кітап оқу сағатына барып жүрді

«Қош келдің,Наурыз!» мерекесі ата-аналардың қолдауымен мектебіміздің акт залында тамаша концерттік бағдарлама өтілді,ата-аналар ұлттық дәстүрімізді балаларға көрсетіп берді.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша 5 оқу озаты,1оқу екпіндісімен , сынып бойынша сапа-83 %, үлгерім-100% аяқтады

Сынып жетекші: Оспанова А.А.

«Бірлік НЖББМ» КММ –нің 4 сыныбының 2022-2023 оқу жылындағы өткізілген іс-шаралары жөніндегі анықтамасы

2022-2023 оқу жылының басында 8 оқушы 4 ұл, 4 қыз болды. Осы оқу жылының соңында 8 оқушы 4 ұл, 4 қыз аяқтады.

Жыл бойында мектепішілік жоспарға сәйкес оқушылар түрлі іс-шараларға,олимпиадаларға,көрмелерге қатысты. Атап айтқанда, тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген көрмелерге суреттерін салып,табиғи заттардан бұйымдар жасалып қойылды

.Пәндік онлайн олимпиадаларға қатысып серификаттар мен 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталды. Мектепішілік «Алтын сақа» олимпиадасына қатысып, Серикбаева Дария 1-орын , Садвакасов Ислам 2-орынға ие болды. Аудандық сайыста Серикбаева Дария, Садвакасов Ислам сертификатпен марапатталды.

Мектепішілік «Алтын күз» сайысында 4-сынып арасында Қали Нармин мен Жамбырбаева Толғанай 1-орынға ие болды.

Бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігінде жаратылыстану пәні бойынша «Заттардың қасиеті қалай өзгереді» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында сынып оқушылары 4 топқа

бөлініп, мектебіміздің кітапханасына балалар кітап оқу сағатына барып жүрді.
Аудандық кітапхана тарапынан өткен нағыз оқитын ұлт жобасы аясында «Мақал сөздің мәйегі» атты мақал-мәтел сайысына белсене қатысқаны үшін Бескемпыр Уали «Алғыс» хатпен марапатталды
8- наурыз мерекесіне орай «Ардақтайық ананы» тақырыбында мектебіміздің акт залында мерекелік ертеңгілік өткізілді
«Қош келдің,Наурыз!» мерекесі ата-аналардың қолдауымен мектебіміздің акт залында тамаша концерттік бағдарлама өтілді, ата-аналар ұлттық дәстүрімізді тұсау кесер ұлттық дәстүрімізді балаларға көрсетіп берді.
« Бастауышым балбұлағым» тақырыбында 4-сынып оқушылары бастауышпен қоштасып, тамаша концерттік бағдарлама өтілді.
2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша 6 оқу екпіндісімен , сынып бойынша сапа-75%, үлгерім-100% аяқтады
Сынып жетекші: Абильмахимова Б.О.

Жыл бойында мектепішілік жоспарға сәйкес оқушылар түрлі іс-шараларға, көрмелерге қатысты. Атап айтқанда, тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген көрмелерге суреттерін салып,табиғи заттардан бұйымдар жасалып қойылды.
«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында сынып оқушылары екі топқа бөлініп, жыл бойы аптаның сәрсенбі күндері мектебіміздің кітапханасына балалар кітап оқу сағатына барып жүрді.Оқырман жанұя тақырыбында өткізілген сайысқа қатысып 3-орын иеленген үшін Серибаевалар отбасы марапатталды.

«Қош келдің,Наурыз!» мерекесі ата-аналардың қолдауымен өз кабинетімізде тамаша концерттік бағдарлама өтілді. Нақия әжеміз,бастаған «Бесікке салу » «Тұсаукесер» ұлттық дәстүрімізді балаларға көрсетіп жақсы нәтиже көрсетті. Оқушыларым би ,ән ,күрес жарыстаына қатысып жүлделі орындарға ие болды.
Бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігінде дүниетану пәні бойынша «Спорт сенің серігің» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Оқу жылының аяқталуына байланысты мектепте бірлестіктер арасында «Үздік бірлестік -2024» фестиваль өткізілді. Барлық бірлестіктер жоғары дайындықпен келіп, өнерлерін ортаға салды.

**Қыркүйек айында,** бірлесе отырып, күнтізбелік, сабақ жоспарларын жасау үлгілері жөнінде нұсқау беріліп, нормативтік іс-қағаздар жүргізуді, журнал толтыруды үйрету нұсқауларымен таныстырылды және осылардың барлығы

мектеп директоры мен оқу ісінің меңгерушісіне бекіттіріп, жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар мектепішілік семинарлар, ашық сабақтар және апталықтар ұйымдастырылды. Өзара сабақтарға қатысу жұмыстары ,үлгерімі төмен және дарынды оқушыларға жоспарлар құрылып, жұмыстар жүргізілді. 9-сынып оқушыларымен ББЖМ-ға дайындық жұмыстары жүргізілді. Өзара сабақтарға қатысу мақсатында «Жаңаша білім беру – заман талабы» атты бірлестік жетекшісінің ұйымдастырылуымен семинар өткізілді.

**Қазан айында** мектеп психологы Уабова К.М. дарынды және үлгерімі төмен оқушыларды анықтау мақсатында тест жұмыстары арқылы анықтап, жылдық жоспар құрылды.

Интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын талқылау мақсатында информатика пән мұғалімі Құрманғазы С.Б. отырыс ұйымдастырды.

8-сынып оқушылары Республикалық «Айқанат» олимпиадасына қатысып, сертификатпен марапатталды.

Пән мұғалімдердің бақылау жұмыстарының графиктеріне сәйкес БЖБ және ТЖБ бақылаулары алынып, талдаулары жасалынды.

І тоқсандық қорытынды көрсеткіштері:

5-сынып
Математика - 89%
Жаратылыстану - 89%

6-сынып
Математика -80%
География -80%

7-сынып
Алгебра - 100%
Биология-100%
Физика-100%
География - 100%

8-сынып
Алгебра -100%
Физика -100%
Биология - 100%
Химия - 100%
География -100%
Геометрия - 100%

9-сынып
Алгебра -67%
География - 100%
Геометрия - 67%
Биология-100%
Химия-100%

Физика-67%

**Қараша айында** мектепішілік «Алтын сақа» олимпиадасына 5-сынып оқушылары қатысып, Қали Мәрә мен Батыргужинов Айтуар аудандық кезеңге өтті. Қатысқандары үшін сертификатпен марапатталды. Сонымен қатар Республикалық Ауыл балаларына арналған олимпиадаға география пәні бойынша 9-сынып оқушысы Сағит Даяна қатысып, сертификатпен марапатталды. Аудандық «Экорепортер» жобасына биология пәнінен 8-сынып оқушысы Куандыкова Улпан қатысып, 2-орынға ие болды.

**Желтоқсан айында** «Жаратылыстану ғылымының 6 кереметі» онкүндігі өткізілді. 5-9-сынып оқушылары арасында «Ғалымдар аты өлмейді» атты дөңгелек үстел, 6-7-сынып оқушыларымен «ХХІ ғасырдың жас математиктері» интеллектуалды ойыны, география пәнінен «Дарабоз» танымдық сайысы, физика пәнінен «Қызықты тәжірибелер» алаңы және тағы басқа іс-шаралар өткізілді. Онкүндікке оқушылар белсенді қатысып, қызығушылықтарын танытa білді. Онкүндік соңында оқушыларға мақтау қағаздары мен сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар информатика пәнінің мұғалімі Құрманғазы С.Б. оқушылармен Халықаралық «Компьютерлік ғалымдар апталығы» аясында «Қазақстандағы Код сағатын» өткізді.

Мақсаты: оқушылардың ақпараттық технологияларға, соның ішінде қолданбалы бағдарламалауға қызығушылықтарын арттыру.

І ж.ж. бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарын сараптау:

| 5-сынып | 6-сынып |
|---|---|
| Математика - 100% | Математика -100% |
| Жаратылыстану -78% | Жаратылыстану -100% |
| Информатика -100% | Информатика-100% |

| 7-сынып | 8-сынып |
|---|---|
| Алгебра-100% | Алгебра-100% |
| Биология-100% | Физика-100% |
| Физика-100% | Биология-100% |
| География-100% | Химия-100% |
| Геометрия - 100% | География-100% |
| Информатика-100% | Информатика-100% |

9-сынып

Алгебра-100%

География-2%

Биология-100%

Химия-100%
Физика-100%
Информатика-100%
**Қаңтар айында** пән мұғалімдері тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабаққа қатысып, бағыт бағдар көрсетілді. Сабаққа қатысу барысында мұғалімдердің қойған оқу мақсаттары күтілетін нәтижелерге сәйкес келді. Сонымен қатар оқыту (тәрбиелеу) әдістері мен ресурстары жас ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келді. Цифрлық білім беру ресурстарды және қосымша дереккөздерді пайдаланып, педагог пен білім алушылардың сөйлеу балансы сақталды. Мұғалімдер сабақ барысында бағалаудың әдістерін, құралдарын қолданды.
**Ақпан айында** оқушылардың  дәптер  жүргізу жайын бақылау мақсатында математика, физика, химия пәндері тексерілді. Дәптерге қойылатын бірыңғай талаптың орындалу: тазалығы, дәптер жүргізу мәдениеті, дағдысы, үй жұмысының нормасының орындалуы, қатемен жұмыстың орындалуы, тексеру сапасы, өз бетімен жұмыс түрі, орфографиялық режимнің сақталуы, бағаның дұрыс қойылуы, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстары тексерілді.
Қазіргі заманда жаңа ақпараттық технологиялар әрбір секунд сайын қарқынды дамуда. Білімді жастар да, сол білімді тиімді пайдалануда. Сол мақсатта «Жаңа технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік беруі» атты  баяндама  оқылды.
**Наурыз айында** оқушылардың жаңа оқыту бағдарына бет бұру – күн тәртібіндегі басты мәселе болып есептеледі. Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды даму нәтижесінде мектеп оқушыларына білім беру бұрынғы қалыптасқан жүйеден әлдеқайда жоғарғы талаптар қояды. Бұл талапты мұғалім жүзеге асыру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктеріне еске ала отырып, оқу-тәрбие жұмысының барысында сана-сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету мұғалім қызметінің басты қызметі. Сол мақсатта «Оқушылардың белсенділігін арттырудағы ақпараттық технологияның ықпалы» дөңгелек үстелі  ұйымдастырылып, маңызды ерекшеліктері анықталды.
III тоқсан  бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарын сараптау:

| 5-сынып | 6-сынып |
|---|---|
| Математика - 100% | Математика -100% |
| Жаратылыстану -89% | Жаратылыстану -100% |

7-сынып
Алгебра-100%

8-сынып

| | |
|---|---|
| Биология-100% | Алгебра-100% |
| Физика-100% | Физика-100% |
| География-100% | Биология-100% |
| Геометрия -100% | Химия-100% |
| | География-100% |
| | Геометрия - 100% |

9-сынып
Алгебра-100%
География-100%
Геометрия - 100%
Биология-100%
Химия-100%
Физика-100%

**Сәуір айында**«Мультимедиялық әдісті сабақта қолдану» әдіс-тәсілдермен алмасу мақсатыныда баяндама оқылды.

педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде, оның ішінде мультимедия технологиялары. Мультимедия технологиялары оқу үрдісін байытады, оқытуды тиімді етуге мүмкіндік береді. Компьютерлік технологиялардың ішінде оқу үрдісінің қолайлысы - мультимедиялық технологиялар. Мультимедия – жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпараттың көптеген түрімен жұмысы, оған жоғары рұқсат пен түсті графика, жүгіртпе және ақыш түстері бар динамика эффектілері, дыбыстардың дыбысталуы, және толық түсті видеоклиптер және видеофильмдер кіреді. Мультимедиялық оқулық – оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Және білім алу кезіндегі олардың белсенділігі арта бастайды. Сондай-ақ вертуалды зертхана мысал бола алады. Вертуалды зертханалар нысандарды компьютерлік білім беру жүйесінде модельдеуге және жаратылыстану ғылымдарының физика, химия, биология және т.б. сияқты пәндерін оқып үйренуге, жаңа білімдерді меңгеруге, үйренуге көмектеседі.

**Мамыр айында** II ж.ж. қорытынды бақылау жұмыстары бойынша диагностикалық мониторингтерін талдау жүргізілді.

Биылғы оқу жылындағы құрылған жоспар бойынша мұғалімдер барлық тапсырмаларды орындады. Биылғы оқу жылының қорытындысын қанағаттанарлық деп бағалаймын.

Мектептік ғылыми қоғамның іс-әрекеті таңдалған бағыттарға сәйкес жүргізіледі. Осы үрдісті компонентті уақытылы басқару оқушылардың зерттеу іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудағы маңызды жағдай болып табылады. Мектептегі мұндай басқару пәндердің әдістемелік бірлестіктерімен (ӘБ) және ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша директор орынбасарының басшылығымен мектептік ғылыми-әдістемелік кеңесі жүзеге асырады.

Отырыс кезінде мектептік ғылыми-әдістемелік кеңес мектептегі оқушылардың оқытылу іс-әрекетінің ағымдық жағдайына баға береді, мектептегі оқушылардың зерттеу жұмысын жалпылау туралы шешім қабылдайды және оқушылардың орындаған зерттеу жұмыстарын жалпылау мен олардың нәтижелерін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте мектептің алдында білім сапасын арттыру мәселесі тұр.

Мектептегі оқу-тәрбие процесін жетілдіру міндеттерін жүзеге асыру үшін мыналар қажет:

1. Қамтамасыз ету

-тиімді басқару шешімдері негізінде білім сапасының мониторингін арттыру арқылы мектептің дамуын басқару;

-бітірушілерді қорытынды аттестацияға дайындаудың тиімді нысандары мен әдістерін таңдау, білімдерін диагностикалық негізде түзету, бақылау жүйесін жетілдіру және басқару шешімдерін қабылдау;

-білім сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, мектеп оқушыларының білім беру мүмкіндіктерін диагностикалауға және бағалауға, мектеп мұғалімінің кәсіби шеберлігін диагностикалауға және бағалауға бағытталған жаңа тетіктерді әзірлеу арқылы мектепті басқарудың тиімділігі;

2. Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын басқарушылық дағдыға көшіру жұмыстарын ұйымдастыру, дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру, оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіндегі интеллектуалдық дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізу.

**<u>2023-2024 оқу жылының қорытынды аттестацияның нәтижелері</u>**

9 казақ сыныбы:

| **Оқушының аты жөні** | **Қазақстан тарихы** | **Орыс тілі** | **алгебра** | **қазақ тілі** |
|---|---|---|---|---|
| Куандыкова Мерей | 5 | 5 | 5 | 5 |
| Сағит Даяна | 5 | 5 | 5 | 5 |
| **Жалпы білім сапасы** | | | | 100 % |

**«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының жүзеге асырылуы**

Мектепте әкімшіліктің ерекше бақылауында «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның орындалуы мәселесі тұр. Мемлекеттік тілді оқыту мен дамытуға барлық жағдай жасалған. Мектеп

құжаттаманы ресімдеуде, мектепті жобалауда қос тілділікті сақтайды. Жазылым мемлекеттік тілде жүргізіледі.

**Кестелер мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жасалады. Оқушылар оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің** Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен **бекітілген.**

Пәнді сапалы оқыту үшін барлық жағдай жасалған: сымды және сымсыз интернет, интербелсенді тақта, проектор бар.

Осы жұмыс аясында мектепте 3 қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдерді жұмыс істейді.

| Оқу жылы | барлығы | Білімі | | Санаты | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғары | Орта арнайы | санатсыз | Педагог-модератор | Педагог-сарапшы | Педагог-зерттеуші |
| 2022-2023 | 3 | 3 | 0 | 0 | | | 3 |
| 2023-2024 | 3 | 3 | 0 | 0 | 0 | 1 | 2 |
| 2024-2025 | 3 | 3 | 0 | 0 | 0 | 1 | 2 |

Қазақ тілі мұғалімдерінің семинарларға, форумдарға, конференцияларға, сайыстарға қатысуы

| Жыл | Іс-шара түрі | Деңгей | Мұғалімнің аты-жөні |
|---|---|---|---|
| **2022-2023** | Республикалық Балалар оқулары байқауы жеңімпазы, Куандыкова Мерей, 1 орын | Аудандық | Исаханова Бахыт Серикбаевна |
| **2022-2023** | Республикалық Балалар оқуларының қатысушысы, Куандыкова Мерей, сертификат | Облыстық | Исаханова Бахыт Серикбаевна |
| **2023-2024** | Мағжан оқуларының жүлдегелері, Сағит Даяна, Серікбай Аянат 2 орын | Аудандық | Аубакирова Манар Амангельдиевна |
| **2023-2024** | Мұқағали оқулары Серікбай Аянат 1 орын | Аудандық Облыстық | Аубакирова Манар Амангельдиевна |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **2022-2023** | Иса оқулары, Махамбет оқулары, Зерде ғылыми жұмысы | Аудандық Облыстық | Омарханова Алмагуль Нажмиденовна |

Негізгі мектеп курсы бойынша білім сапасы.

| **Оқу жылы** | **Білім сапасы** |
|---|---|
| | Қазақ тілі |
| **2022-2023** | 100 % |
| **2023-2024** | 100 % |

Оқушылардың білім сапасы тұрақсыз. Оқушылардың ынтасын арттыру мәселесі әлі де жалғасуда, өйткені танымдық қызығушылықтың төмен деңгейі оқушылардың білімді саналы түрде игеруіне кедергі келтіреді.

Себептері:

* оқушылардың зерттелетін материалдың әлеуметтік және практикалық маңыздылығын түсінуіне, игерілетін мазмұнның жеке маңыздылығын түсінуіне қатысты сұрақтар оқу материалының мазмұнында жеткілікті түрде ерекшеленбейді;

* оқушылардың оқу және жеке мүмкіндіктерін диагностикалау жеткіліксіз;

* әр оқушының шығармашылық дамуына әлсіз бағдар.

Шешу жолдары:

* коммуникативтік қызметті жандандыру;

* мемлекеттік тілді меңгерудің беделін арттыру бойынша ата-аналармен және оқушылармен жұмысты жандандыру;

* балалардың зерттелетін материалға, өзіндік танымдық іс-әрекет процесіне жеке-семантикалық қатынасы;

* оқушының зияткерлік мәдениеті;

* оқу қызметінің мәдениеті;

* мұғалімдерді білім беру үдерісінде оларды шешуге бейстандартты тәсілді талап ететін тапсырмаларды пайдалануға бағдарлау.

Мұғалімдер оқушылардың оқудағы жетістіктеріне мониторинг жүргізеді, бұл оларға білімдегі олқылықтарды уақытында жоюға және нақты нәтижеге жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Оқушылар тіл туралы білімді меңгерген және осы білімді тілдік материалдарда талдап қолдана алады.

Қазақ тілі пәні бойынша білім сапасы мен үлгеріміне мониторинг жүргізіледі, пән бойынша және оқушыларды МОДОға дайындау бойынша бақылау жұмыстары мен тест тапсырмаларының банкі бар.

## Мектептің тәрбие жұмысы

2022 – 2023 оқу жылы бойынша мектептің тәрбие ісі бойынша атқарылған жұмыстарының өзіндік талдауы:

**Мектебіміздің тәрбие жұмысының тақырыбы:** Ұлттық тәрбие беруді халық педагогикасымен ұштастыру

**Тәрбие жұмысының мақсаты:** Ұлттық сана –сезімі қалыптасқан , ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу;

**Тәрбие жұмысының міндеттері:**

1. Балаларға білім беруде ұлттық тәрбиені басшылыққа алу;
2. Мәдени – әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеі , қазақ тілі мен тарихын , мәдениеті мен ділін , салт – дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез – құлқын қалыптастыру
3. Жас ұрпақты еңбекке үйрету, өнер-білім машықтарын меңгерту,отбасының,ел-жұрттың намысын қорғауға ,ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына қалыптастыру;
4. Өз ұлтымыздың әдет-ғұрпын,салт-дәстүрін жетілдіру;
5. Азаматтық-патриоттық сана қалыптастыру;
6. Сынып тәрбиесінің әдістемелік шеберлігін жетілдіру;
7. Оқушыларды әлеуметтендіру,оларды қазіргі өмірдің шындық қиын жағдайына дайындау.

Біздің мектептің тәрбие жұмысының жүйесі мынадай нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде регламенттелген:

1) БҰҰ – ның Бала құқықтары Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы

3) 2011 жылғы 26 желтоқсандағы" Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы " Қазақстан Республикасының Кодексі;

4) "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;

5) "тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;

6) "Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасы;

8) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері.

9) ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020.06.12. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған "құндылықтарға негізделмеген білім беру" жобасы.

11) үздіксіз білім беружүйесінде тұлғаны тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері.

12)Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген "тәрбиелеудің бірыңғай бағдарламасын" іске асыру жөніндегі кешенді жоспар.

13. «Білім беру ұйымдарында біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығы

Тәрбие жұмысы білім берудің кешенді мақсатты бағдарламасының барлық бағыттарын қамтыды:

I бағыт: Қазақстандық патриотизм, азаматтық және құқықтық тәрбие
II бағыт: рухани-адамгершілік тәрбие

III бағыт: ұлттық тәрбие

IV бағыт: Отбасылық тәрбие

V бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
VI бағыт: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

VII бағыт: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;

VIII бағыт: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды. Әр оқу жылдарында мектепте мектепішілік бақылау жоспарына орай төмендегідей тақырыптарды қамтитын отырыстар өткізілді:

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау

2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу;

3. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі;

4. Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру.

Мектепішілік бақылау жоспарына сай ең алдымен ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру алғашқы орынға қойылды. Олардың мектеппен тығыз қарым – қатынаста болуы үнемі басты назарда ұсталды. Бала тәрбиелеудегі ата-ананың ықпалы , тәрбие жұмыстарын тиімді жүргізудегі ата – ананың рөлі туралы отырыстар , тренингтер , дөңгелек үстелдер жыл бойы ұйымдастырылып отырды. Осындай іс – шаралардан кейін баланың тәрбиесіндегі олқылықтар туралы , бала бойындағы сенімділік , жауапкершілік тәрізді қасиеттерді қалыптастырудағы ата-аналармен сұхбаттар өтті. Ата – аналардың мектепішілік жиналысқа аз қатысуының негізгі себептері анықталды , Кейін осы бағыттарда мектеп әкімшілігі ата – аналармен келесідей жұмыстар атқарды: ата-аналармен түрлі психологиялық тренингтер, мектепішілік шараларға соның ішінде: жаңа жыл мерекесіне балалармен бірігіп «Күз сыйы» суреттер салу , спорттық шараларға қатыстыру «Толағай» жарысы, түнгі рейдттерге кезекшілік графигін құрып атқару, отбасы күндерінде мерекелік шараларға , сонымен бірге аудандық және облыстық іс-шараларға қатыстыру.

Мектеп ұжымының тығыз байланыста жұмыс жүргізетін бір бағыты – бұл ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар. Яғни, мектеп басшылары мен сынып жетекшілері ата-аналармен біріге отырып бала тәрбиесінің әр салалы бағыттарында психологиялық қызметті ұтымды пайдалана алуы үшін бірлесулері керек. Әсіресе, бастауыш сынып ата-аналарының мұғалімге тәрбие ісіне белсене көмектесуінің аса қажет екендігін практика көрсетіп отыр. Олардың белсенді көмегінсіз балаларды ересектердің еңбегімен байланыстыру мұғалімге қиынға соғады. Мұндай істерде ата-аналардың орнын ешкім ауыстыра алмайды. Жыл басында ата-аналар комитеті құрылды. Мектеп жұмысына ата-аналарды белсенді түрде қатынастыруға, ата-аналар комитеті қомақты жұмыс атқарды. Мектепішілік іс-шараларға ата-аналарды жаппай қатыстыруға, бала тәрбиесіне немқұрайды қарайтын ата-аналарға ықпал етуге септігін тигізді.

Ата-аналар балаларды рухани және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеу мен жұмыс істеуіне қатысып отырады, жағдайға қарай оқушыларды жетістіктері үшін марапаттауға, оқушылардың білім алу ынтасын арттыруға ықпал етуші әңгімелесулер мен іс-шараларға тартылды, мектеп Жарғысымен және ішкі тәртібімен белгілеген қағидаларды орындауға көмектеседі, мектепішілік іс-шараларды жоспарлау мен өткізуге және де ата-аналар жиналыстарына қатысады.

Ата-аналар үшін аптаның әр сәрсенбі күні ашық есік күні болып жарияланған. Бұл күні ата-аналар балаларының сабақтарына қатысып,

мұғалімдермен және сынып жетекшілерімен кездесіп отырады.  «Ардақта ата-анаңды» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Сондай-ақ медбике оқушыларды жат қылықтан сақтандыру мақсатында «Әдеттен дертке дейін», тақырыптарымен әңгіме ұйымдастырды.«Қызым – қызғалдағым, ұлым – ізгі арманым» атты сайыс өткізілді.

Тәрбие ісінің меңгерушісі ата-аналардың, мұғалімдердің, ұстаздардың қатысуымен армен «Бала досының тәрбиеге әсері», «Баланы қалай тәрбиелеу керек?» тақырыптарында кездесулер өткізіліп пікір алмасты. Бұл жұмыстардың барлығы ата-аналарға игі әсерін тигізеді. Олар педагогтік білімі мен тәжірбиелерін байыта түсті, мектептің нақты көмекшісі бола алды.

Мектебімізде тәрбиенің барлық бағыттары бойынша жоспарлары құрылып , іс-шаралар жоспарға сай іске асырылды. Ұрпағымызды кеудесінде азаматтық намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіпөсіргіміз келсе, бар назарды келешек ұрпақ тәрбиесіне аударуымыз қажет. Қазіргі білімнің приоритеті, яғни болашағы мол факторлардың бірі – патриоттық тәрбие.

Қазақстан Республикасыныі Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік білім құжаттарында маңызды орынды патриотизм, патриоттық тәрбиеге береді. Әр оқушы өзінің «Қазақстандық» екенін мақтанатындай етіп тәрбиелеу үшін мұғалім халық педагогикасына сүйенеді.

Осы бағытта мектеп оқушылары мен сынып жетекшілері және мұғалімдер болып бірқатар іс -шаралар өткізіп, нәтижелі жұмыстар атқарды. Жалпы , тәрбие кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан мектеп көлеміндегі жұмыстар қыркүйектің бірінші аптасынан басталды. Атап айтқанда, 1-қыркүйек – білім күні салтанатты жиыны. Сынып оқушыларымен  сынып бөлмелерінде алғашқы сабақ өткізілді. Алғашқы сабақ «Мәңгілік ел» патриоттық актісі шеңберінде «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында өткізілді. Мақсаты: оқушыларды өз тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтай отырып, мәңгілік ел бола алатынына көз жеткізе отырып, үлес қосуына шақыру. Сонымен қатар, болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идеямен таныстыру.

Білім алушыларға ҚР мемлекеттік  рәміздерін бағалап,   ата заңымызды құрметтеуге баулу жұмыстары жыл бойы атқарылды. Ана тіліне  деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін білу , жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбиелеу мақсатында көптеген іс -шаралар атқарылды.

ҚР Рәміздерін бағалауға «Мемлекеттік Рәміздер - біздің еліміз бен егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі» тақырыбы аясында мектепішілік жиын, «Рәміздерім-мақтанышым», «Егемен елдің Рәміздері-Заңмен қорғалады», «Көк байрағы желбіреп, тәуелсіздіктің таңы атты», «Мен Рәміздерді қастерлеймін», «Менің Рәміздерім- ұлт мақтанышы» әдеби-монтаж шаралары болса, «Отанымның көк Туы», «Елбасы таңдаған Гимн», «Елтаңба туралы білейік» тақырыбы аясында 2-5 сыныптар арасында танымдық сағаттары «Менің Отаным- Қазақстан», «Отаным-бақыт ордасы», «Қазақ елі- менің Отаным», «Мен Отанымның ұланымын» сияқты тәрбие сағаттары 6-8 сыныптарда, «Ата Заңым - ардағым», «Конституция сенің кепілің», «Заң баптарын білейік» атты тәрбие сағаттары 9- сыныпта өткізілді.

Тілдер айлығы шеңберінде «Бір ел-бір кітап» акциясы негізінде «Тілдің мерейі-елдің мерейі» тақырыбында сынып сағаттары, Абай, Махамбет оқулары сайысы, «Тілдің үштұғырлығы» атты кеш ұйымдастырылды.

Қараша айында «Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы», «Ел айбыны – рәміздер» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің мағынасы мен мазмұны, мәні, тарихы туралы оқушылардың білімдерін тереңдетіп, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін, өз еліне деген сүйіспеншілігін, оның тарихы мен мәдениетіне қызығуын қалыптастыру мақсатында мектебімізде былтырғы жылы әр түрлі жұмыстар жүргізілді. Ең әуелі оқу жылы басында әр сыныпта және дәлізде ел рәміздеріне арнайы бұрыштар даярланды.

Құрылған жоспар бойынша жыл бойы сынып жетекшілері «Рәміздер – Тәуелсіздік белгісі», «Мемлекеттік рәміздер мен белгілер», «Қазақстанның мемлекеттік рәміздері» тақырыптарында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие ісінің меңгерушісі сәуір айында жоғарғы сыныптар аралығында «Ел рәміздері – еркіндік нышаны» атты сайыс, төменгі сыныптар оқушыларымен «Мемлекеттік рәміздермен танысайық» тақырыбында әңгіме ұйымдастырды.

Мектептегі әр дүйсенбіде өтетін жиында мемлекеттік әнұран орындалады, ал салтанатты жиындарда Қазақстан Республикасының туы салтанатты түрде ортаға әкелініп, жиын соңында әкетіледі.

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиын өткізілді. 1-9 сынып оқушыларының арасында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен сынып сағаттары өткізілді. Сондай-ақ Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай ашық тәрбие сағаттары, қабырға газеттерінің конкурсы, «Олар отан үшін от кешті» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Жеңіс күніне арналған «Аталар даңқы жолымен» ерлік сабағы, мерекелік

шеру, «Отты жылдар шежіресі» атты сынып сағаттары жүргізілді. Осындай іс-шаралардың барысында оқушылар бойында мынадай қасиеттер қалыптастыру көзделді: Отанын сүю; азаматтығын мақтан тұту; ана тілін жетік меңгеру; дінге, тарихи мұраларға құрметпен қарау; өз отандастарына адамгершілік көзқарас білдіру.

Іс-шараларға оқушылар түгел дерлік қатысып отырды. Патриотизм әсіресе жас ұрпақ арасында қалыптасуы қажет, осыған орай осындай іс-шаралар алдағы жылдарда да жалғасын таппақ.

Осындай іс-шаралардың барысында мектеп оқушыларының бойында ел рәміздеріне деген құрмет сезімі, өз еліне деген мақтаныш сезімі сөзсіз қалыптасатынына нық сенімдеміз.

Оқушылардың бойында өз отанының азаматы екендігін мақтан тұтумен қатар, оларға құқықтық тәрбие беру де сынып жетекшілері мен ұстаздардың назарынан тыс қалған емес. Өткен жылы да осы бағыт бойынша жұмыстар жоспарланып өткізілді. Мұндағы басты мақсатымыз: оқушыларды өз құқықтарын білуге түсінуге үйрету; құқықтарын білудің маңыздылығын ашып көрсету; Демократиялық қоғамның негізгі принципі – заң алдында барлығының тең екенін түсіндіру, ұғындыру; өздерінің құқығын қорғай білуге тәрбиелеу;

Жыл басында әр оқушының мінез-құлқына психологиялық зерттеу жүргізіліп қорытынды жасалды. Аға тәлімгер жоғарғы сынып оқушыларының арасында «Айбынды, айдынды, айшықты Ата заң» сыныптан тыс жұмыс, «Жасөспірім және қылмыс» атты сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастырып өткізді. Сынып сағаттарында сынып жетекшілері құқықтық тәрбие төңірегінде әңгімелер өткізіп отырды. Төменгісыныптар аралығында сынып жетекшілері «Заңсыздық неге әкеледі?» тақырыбында әңгіме өткізіп, әр түрлі жағдайларда оқушылар не істеу керектігін, заңды білмеу қиын жағдайларға әкеліп соқтыратынын айтып оқушыларға түсіндірді.

Оқушылар мен мұғалім, ата-аналар арасында мектепте құқықтық жалпы білім беру жұмысы жүргізілді.

Мектептің, ата –аналардың және жергілікті қоғамдастықтың бірлескен қызметін жоспарлап, ата – аналар мен жергілікті қоғамдастықты оқу сапасын, баланың қауіпсіздігін қадағалау мақсатында ата –аналарға «Мәңгілік ел: бір ел, бір тағдыр», «Менің жанұям», «Байлықтың атасы еңбек» атты тақырыптарында лекциялар оқылды.

«Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық» тақырыбында мектеп ата-аналары арасында жиналыс өткізіліп, жиналысқа 30 ата - ана қатысып, ата-аналар комитетінің төрайымы А.Мажитқызы «Бала тәрбиесі жауапты іс», мектеп психологы А.Мағауиденовна «Жанұя –шағын ұжым» атты баяндамаларын оқыды, ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық істердің алдын алу мақсатында: «Мектептегі әлімжеттілік» тақырыбына 5-9 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, қорытындысы бойынша мектепте жоғарғы сынып оқушылары арасында күш көрсететін, бопсалауға бейім оқушылардың жоқ екендігі анықталды.

«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік өткізілді. 5-8 сыныптарда «Өмірдің қауіпті өткелдері және оны жолдары» атты сынып сағаттары өткізілді. 9- сыныпта «Зорлықсыз әлемді бірге құрайық!» сынып сағаттары өткізілді.

«Ата Заңым – ардақтым» атты құқықтық білім беру айлығы өткізілді, 5-8 сыптарда «Мен және менің құқығым» , «Ата Заңым – ардақтым» «Ерлік-ел мұраты»,атты тәрбие сағаттары өткізілді. 9 сыныпта «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!», «Жасөспірім және қылмыс», «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» тақырыптарында лекциялар оқылып, талқыланды.

Мұғалімдердің, психологтардың, мектеп инспекторының оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылған. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша педагогикалық ұжымның, оқушылардың алаңдаушылық деңгейін айқындау бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды, оқушылар мектептің қоғамдық жұмыстарына қатыстырылып, үйірме, спорт секцияларына тартылып үнемі назарда болды. Психологтар мен сынып жетекшісі тарапынан оқушыларға бақылау дәптері ашылып, сынып жетекшісімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог бірлесе отырып, отбасына зерттеу актісі толтырылды және жеке мінездеме жазылды. Кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектормен бірлесе отырып әңгімелер жүргізіп, хаттамалары тіркелген. 9 - сыныптар арасында құқық мұғалімінің ұйымдастыруымен «Өз құқығыңды білесің бе?», «Жасөспірім қылмыскер қайдан шығады?» деген тақырыптарда семинар өтті. Жыл бойы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқық бұзушылық және жасөспірім», «Өз құқығынды білесің бе?», «Құқықты біз қалай түсінеміз?» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Мектепте оқушылардың жүгінімдері мен ұсынымдарына арналған жәшік орналасқан және де мектепте түсінік беру стенды бар.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жұмыстар: Бұл бағыттың негізгі міндеті - адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ата-аналар балаларды рухани және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеу мен жұмыс істеуіне қатысты, жағдайға қарай оқушыларды жетістіктері үшін марапаттауға қатысады, оқушыларды білім алу ынтасын арттыру мақсатында ықпал етуші әңгімелесулер мен іс-шараларға тартылды. Осыған орай мектепте «Ұлтқа ары, ұяты бар қыз керек» тақырыбымен семинар ұйымдастырылып, 9-сынып қыздарымен мен аналарына, шақырылған қонақтарға мектеп медбикесі М.Мұхамеджанова өз кеңестерімен бөлісті.

Мектепте 1-қазан қарттар күніне «Қарттарым аман саумысың!?» тақырыбында ауыл қарттары мен зейнеттегі ұстаздарды мектепке шақырып мерекелік концерт ұйымдастырылды. 9 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен “Ұстаз болу – жүректің батырлығы» атты мерекелік концерт өткізілді.

Оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершілікке , жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне , мейірімділікке, тәрбиелеу мақсатында 1-4 сыныптарда «Адамгершілік дегенді қалай түсінесің?», 5-8

сыныптарда «Рухани бай адам ол қандай болмақ?», 9 сыныпта «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Мұғалімдер мерекесіне орай «Ұлағатты ұстаз – білікті маман», «Ұстаздық еткен жалықпас», «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» тақырыптарында сынып сағаттар өткізіліп, «Өзін-өзі басқару» күні ұйымдастырылды. Қамқорлық акциясы негізінде «Жас ұлан» ұйымы мүшелері жалғыз басты және мүгедек адамдарға қол ұшын беру, қайырымдылық шараларын ұйымдастырды.

«Мектепке жол» республикалық айлық шеңберінде аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасы балаларына қолдау көрсетіліп, киім-кешекпен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар «Көктем келді, күлімдеп» тәрбие сағаты, «Ана өмірдің шуағы» мерекелік концерт, «Қош бол, аяулы мектебім!» атты іс-шаралар өткізілді.

Мектептің өзін өзі басқару жүйесі әзірленді және бірқатар жылдар бойы қызмет етіп келеді. Мектеп әкімшілігі мектептің өзін өзі басқару жұмысына қолдау көрсетеді. «ЖАС ҰЛАН» ұйымының басшылығымен мектебімізде ”Жігіт сұлтаны” байқауы , «Батыр туса ел ырысы...» тақырыптарында іс -шаралар ұйымдастырылды.

Тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау мақсатында қыркүйек, қараша айларында «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» әңгіме, «Ұлттық ойын- халық мұрасы» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Ұлыстың Ұлы күніне арналған «Армысың, Әз-Наурыз!» мерекелік концерті өткізілді.

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында жоспар бойынша сыныптық ата-аналар жиналысы тоқсан сайын өткізілсе, «Ұлы жол отбасынан басталады» суреттер сайысы, «Отбасым-асыл қазынам» сынып сағаттары, «Әкем, шешем және мен» эстафеталық сайыс, «Менің жанұям» тренингтері өткізілді.

2022-2023 оқу жылының басынан жоспарға сәйкес сыныптарда сынып тазалығы , гүлдендіру , мектеп айналасына сенбілік жүргізілді. Сонымен қатар «Еңбек түбі – береке» сынып сағаттары, «Табиғатты қорғау – адамзаттық парызы» көрме, 1-4 сыныптар аралығында «Құстарға қамқорлық»әңгіме ұйымдастырылып, 6-9 сыныптар аралығында «Экология - өмірдің соғып тұрған жүрегі» тақырыбында шығарма жазды. Қамқорлық акциясы негізінде аға

тәлімгердің ұйымдастыруымен «Жас Ұлан» тобының мүшелері «Мейірімге толы жүрек» тақырыбында қамқорлық шараларын жүргізді.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру мақсатында жоспарға сәйкес «Мінез – адам айнасы» сауалнамасы, «Қызықты қазақ тілі» сайыс, «Тапқырлар тартысы», «Полиглот» викториналық жарыс, «Сөздің басы- сәлем» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, білім беру ұйымдарында көп мәдениетті орта құру мақсатын негізге ала отырып , «Асыл сөз» зияткерлік ойыны, «XXI ғасыр көшбасшысы» сайысы, ұлы тұлғаларға арналған көрме, «Жол ережесін білеің бе?» викториналық жарыс тағы басқа іс-шаралар өткізілді.

Енді тәрбие ісінің бір саласы салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталайық. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Дені сау ұрпақ – Қазақстанның болашағы. Соңғы кезде қоғамды алаңдатып отырған ең басты мәселелердің бірі, жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын сақтау. Осыған орай оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықты сақтау және нығайту, сапалы тамақтану, зиянды әрекеттерден аулақ болулары үшін мектебімізде әр түрлі іс-шаралар жоспарланып өткізілді.

Жыл басында медбике оқушыларды міндетті медициналық тексерістен өткізді. Жиі сырқаттануға бейім оқушылар анықталып, сынып жетекшілеріне ескертілді. Оқу жылы басында және соңында дене шынықтыру пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен мектепте «Денсаулық фестивалі» өткізілді. Жыл бойы медбике оқушылармен «Менің күн тәртібім», «Тамақтану тәртібі», «Өз денсаулығың өз қолында», «АҚТҚ және ЖҚТБ жұқпасы деген не?», «Неліктен жасөспірімдер АҚТҚ/ЖҚТБ туралы білуі керек» «Тіс күтімі», «Тұмаудан сақ болайық» т.б. тақырыптарда әңгімелер, лекция, кездесулер өткізіп отырды. Валеолог пен медбике денсаулық бұрыштарын даярлап, оны үнемі жаңа мәліметтермен жыл бойы толықтырып, жаңартып отырды. Сондай-ақ осы кісілердің ұйымдастыруымен жыл бойы «Сенің денсаулығың өз қолында», «Салауатты өмір салты – денсаулық» ойын саяхат, «Дені сау ұрпақ ел болашағы» дәрігермен жүздесу кеші,  «Денсаулық – зор байлық» сыныптан тыс жұмыстары өткізілді.

Сынып жетекшілері «Дені саудың – жаны сау», «Шынықсаң шымыр боласың», «Темекі тартсаң ақырын, азаяр сана ақылың», «Ғасыр дерті»

тақырыптарында ашық тәрбие сағаттарын ұйымдастырды. Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық деңсаулық сақтаудағы дағдыларын,деңсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау мақсатында үнемі «Шынықсаң - шымыр боласың!» таңғы жаттығулары,Спорттық іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді. «Дені саудың – жаны сау» т.б. тәрбие сағаттары, мини-футбол, кросс жарыстары, «Денсаулық – зор байлық» сынып сағаттары өткізілді. Медбикемен бірлесе отырып, «Тұмаудың алдың алу жолдары», «Біз темекіге қарсымыз», «ЖҚТБ ғасыр дерті», «Есірткісіз болашақ» атты дәріс сабақтары жүргізілді. «Дені саудың - тәні сау» көңілді эстафета, «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» көрмесі ұйымдастырылып, әскери спорттық сайыстар өткізілді.

Медбике желтоқсан айында барлық мектеп ұжымының және оқушылардың қатысуымен ЖҚТБ-ға қарсы күрес акциясын өткізді.

Аталған іс-шаралардың барысында оқушыларды жат әдеттерден бойларын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын ұстануға үнделді. Осы іс-шаралардың барлығы болашақ ұрпақтың денсаулығын нығайтуға көп әсерін тигізді.

